Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы
31 қазандағы № 598 бұйрығына сәйкес №16099679-1 мемлекеттік сатып алу
конкурсының нәтижелеріне шағым бойынша тексеру нәтижелері туралы
ХАБАРЛАМА

1. ШҚ «Алтын таға»

№16099679-1 мемлекеттік сатып алу конкурсының нәтижелеріне келіп түскен шағым бойынша жүргізілен тексеру нәтижелері туралы хабарлаймыз.
Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 598 бұйрығымен бекітілген (2023 жылғы 25 желтоқсандағы №390 өзгерістермен) Қағиданың 8-қосымшасы 1-тармағының талаптарына сәйкес, тиісті аймақтағы жұмыс тәжірибесін растау үшін дәл сол аймақта орындалған шарттар мен қабылдау-тапсыру актілері ұсынылуы тиіс.Тексеру барысында:
«Алтын таға» ШҚ конкурстық өтінімінде жалпы жұмыс тәжірибесін растайтын құжаттар ұсынғаны анықталды.
- Алайда, конкурс өткізілетін тиісті аймақтағы 7 жылдық жұмыс тәжірибесін растайтын құжаттар толық көлемде ұсынылмаған.
Конкурс қорытындыларының хаттамасы қайта қаралатын болады.

2. ИП НУРМАГАМБЕТОВА Л.Б.

Конкурстық комиссия ИП Нурмагамбетова Л.Б. тарапынан ұсынылған құжаттарды қайта зерделеу нәтижесінде олардың Қазақстан Республикасы заңнамасының және № 598 бұйрық талаптарына сәйкес келетінін анықтады.
Ұсынылған шарттар мен орындалған жұмыстар (көрсетілген қызметтер) актілері өзара сәйкестендірілген, тиісті тәртіппен рәсімделген және жұмыс тәжірибесін растауға жеткілікті негіз болып табылады. Құжаттар арасында тәжірибені есепке алмауға негіз болатын елеулі сәйкессіздіктер анықталған жоқ.
Осыған байланысты ИП Нурмагамбетова Л.Б. ұсынған жұмыс тәжірибесі толық көлемде есепке алынады.

Комиссия төрағасы: _____ К. Жубатова
Комиссия мүшелері: _____ Н. Сагынова
_____ А. Қалдымуратова
_____ А. Сақып
_____ Н. Шауқымова
Хатшы _____ И. Есикенова